

Ә.С.Сағатова, Е.К.Аринов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: erlan.arinov@mail.ru)***Тәуелсіздік — қазақ халқының ұлттық рухының жаңғыруының мүмкіндігі**

Мақалада тәуелсіздік қазақ халқының төл санасының қайта жаңғыруының мүмкіндігі ретінде анықталған. Отарлаушылардың қазақтың ұлттық санасын, болмысын жоюға бағытталған әр түрлі әрекеттері нәтижесінде ұлттық рухтың құлдырауға ұшырағаны да баса көрсетілген. Авторлардың ойынша, қазақ халқы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кездегі ұлттық рухтың қайта жаңғыруына қазақтың халқының қалыптасуынан бастап осы кезге дейінгі тарихын қайта зерделеу, мәдениетін, әдебиетін, данышпан ғұламаларын қайта тану әсер етуде.

Кілт сөздер: тәуелсіздік, жаңару, жаңғыру, мүмкіндік, төл сана, бөгде сана, утопия, отаршылық, маргинал, мәдени мұра.

XXI ғасырға Қазақстан тәуелсіз ел болып аттады. Ата-бабаларымыз ұрпақтары үшін жандарын аямай, ұрпағының болашағы үшін қайғыға салынып, бірлігінің, ерлігінің арқасында жауларынан қорғап, ұрпақтарына мұраға қалдырған асты да, үсті де байлыққа толы ұланғайыр жерде Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің көк туын желбіретіп өмір сүріп отыр. Елімізде Асан Қайғы аңсаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман орнады. Жер-Ұйық — Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері келісімде, татулықта, бірлікте өмір сүріп отыр. Бұның бәрі қазақ халқының өзінің асқан төзімділігінің және сабырлылығының (бұдан қазақ халқы алдына жан салмайды) арқасында елдегі этносаралық та, конфессияаралық та татулықты сақтауға деген ұмтылысынан туындады. Бірлік пен жасампаздықтың 22 жылдық тарихын басымыздан өткіздік. Тек бірліктің мағынасын дұрыс түсінгеніміз жөн. Абай айтпақшы: «Бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып, бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы...» [1]. Сондықтан бірлік дегенде ақылға бірлік, ұлттық рухқа, намысқа бірлік, ұлттық танымға бірлік деп түсінгеніміз жөн. Сөзіміз бен ісіміз бір жерден шықпай, қазақтың тарихын, ұлттық болмысын танудағы өлшемдеріміз қазақтық өлшемдерге сай келмей жатса, антұрғандықтың басы осы. Қате өлшем ақиқатқа бастамайтыны белгілі. Жалған сананың құрсауында қалып қойғымыз келмесе, дүниетанымдық өлшемдерімізді өзгертуіміз қажет-ақ. Тәуелсіз жаңа Қазақстанда өмір сүріп отырып, санамыздағы отарлық сана салып берген өлшемдерден арыла алмауымыз тәуелсіздігімізге сын.

Тіпті, тәуелсіздіктің өзі осы өлшемдерден арылуға, өлшемдерді жаңартуға берілген мүмкіндік. Тәуелсіздік — жаңғыру және жаңару мүмкіндігі. Бұны қалай түсінуге болады?

Мүмкіндік — бұл философиялық категориялардың бірі. Мүмкіндік әлі жүзеге аспаған, бірақ жүзеге аса алатын құбылыс. Ол заңды, объективті, қажетті тұрғыда жүзеге асса, шындыққа айналады. Ал жаңғыру болса, бұл — бұрын болған, кейін кейбір жағдайларға байланысты өшкен, жоғалған, ұмытылған дүниелерді қайтадан қалпына келтіру. Жаңғыруды ғылым тілінде «ренессанс» ұғымы арқылы көрсетуге болады. Философ Ғ.Есімнің айтуынша, «ренессанс — өнер, эстетика, философия, мәдениеттану саласында жиі қолданылатын ұғым. Бұл ұғым алғашқы мәнінде Батыс және Орталық Еуропаның бірқатар елдерінің ортағасыр мәдениетінен жаңа заман мәдениетіне өту дәуірін сипаттау үшін қолданылғанымен, ол тек Еуропаға қатысты емес, ондай рухани құбылыс өзге аймақтарға да қатысты» [2]. Мәселен, Шығыс ренессансы, мұсылман ренессансы, Қазақ ренессансы. Демек, ренессанс — адамзат баласының тарихында болған істің қайта жаңғыруы. Өткеннің болашаққа керекті құндылықтарын жаңа заманға сай жаңарту, жаңғырту.

Тәуелсіздік — жаңғыру және жаңару мүмкіндігі. Бұлай айтуға толықтай негіз бар. Біріншіден, бізде реалды мүмкіндіктерді шындыққа айналдыратын объективті, заңды жағдайлар бар. Ол — тәуелсіздік. Еліміз тәуелсіз екендігі шындық, рас, бұны ешкім де жоққа шығара алмайды. Демек, тәуелсіздік бөгде сана әсерінен өзгеріске түскен төл санамыздың жаңғыруына, жаңаруына жол ашады. Екіншіден, сан ғасырлар бойы қазақты қазақ қылып әлемге танытқан, адамзат қауымының өзге халықтарынан ерекшелеп, «Қазақ халқы» деген атауды иелендірген, қазақтың тек өзіне ғана тән қасиеттері, ұлттық құндылықтары, ұлттық дәстүрі, ұлттық мәдениеті, ұлттық санасы, яғни, қазақтың төл сана болмысы, болған. Бірақ бұл төл сана болмысы ресей отаршылығы салдарынан өзгерген,

бүлінген. Ал қазір тәуелсіздік жағдайында осы өзгеріске ұшыраған төл болмысымызды жаңғырту мүмкіндігі туып отыр. Сондықтан еліміздің азаматтары ұлттық тәуелсіздікті қазақ халқының ғасырлар бойғы аңсаған асыл арманы мен мұратын іске асыратын, мүмкіндікті шындыққа айналдырар сана ретінде қабылдауы қажет.

Бөгде сананың шабуылына ұшыраған төл сананың қайта жаңғырып, жаңаруы тәуелсіздігін енді алған ел үшін үлкен мәселе. Ел тәуелсіздігін алғанымен, оның санасында отарлаушы елдің орнатқан құлдық санасы қалып қоятыны белгілі. Ал елдің құлдық санадан арылмай тұрып толыққанды тәуелсіз болуы екіталай. Тәуелсіз елдің санасы да, рухы да тәуелсіз болуы керек. Елдің шын мәніндегі тәуелсіздігі оның саяси, экономикалық және рухани тәуелсіздігінің болмысының қандай екендігімен анықталады. Рухани тәуелсіздік қазаққа отарлаушылардың көзімен, не болмаса отаршылық жасап берген теріс тұжырымдармен жасалынбайды. Рухани тәуелсіз болу үшін қазаққа дұрыс таным-түсінік қалыптастыру керек. «Адам баласының әрекетінен туындайтын жақсылық атаулының бәрі таным-түсініктің дұрыс, ал жамандық атаулының бәрі таным-түсініктің бұрыс болуынан туындайды. Таным-түсінік дұрыс қалыптасу үшін әуелі бұрын болған істің мәнісі, оның пайдасы мен зиянының себеп-салдары ашылып, содан соң енді болатын істің бағыт-бағдарын, оны істеудің неліктен қажетті-қажетсіздігін анықтау шарт» [3], — деген тарихшы Қ.Салғараұлының сөзін ескерсек, егер тәуелсіздігімізді баянды еткіміз келсе, қазақ елін қайтсек мәңгілік еткіміз келсе, еліміздің болашағын ойласақ, тәуелсіздікті жаңғыру және жаңару мүмкіндігі ретінде қабылдағымыз келсе, таным-түсініктің дұрыс қалыптасуының қажеттілігін сезінгеніміз жөн. Отарлық сана — әрқашан да елдік санаға қарсы сана, елдік сананы бүлдіруші, қиратушы сана. Сондықтан тәуелсіздік алған ел үшін ең қажетті іс дұрыс таным-түсінік қалыптастыру арқылы елдің санасын жаңғырту, ағарту, заманға сай жаңарту ісі болмақ.

Қазақ елі ресей отаршылығы тұсында экономикалық, саяси, рухани тәуелділікке түсті. Отарлау арқылы келген бөгде сананың (төл санаға қарсы сырттан келген сананың) әсерінен қазақтың төл сана болмысы бұзылды. Ресей отаршылығының зардаптарын айтып тауысу мүмкін емес, себебі отарлық сана қазақ қоғамының барлық саласында өз ізін қалдырған, тамырын жайған. Тәуелсіздік кезінде де бұл жалған санадан арылмауымыздың ең басты себебі қазақтың ұлттық рухының құлдырауынан деп анықтасақ, қателеспейміз. Отарлаушылардың қазақтың ұлттық санасын, болмысын жоюға бағытталған түрлі-түрлі әрекеттері нәтижесінде ұлттық рух та құлдырауға ұшырады. Рухтың тоқырауына әсер еткен бұл әрекеттерді көрсету үшін Т.Ы.Әбжановтың «Қазақ рухының философиясы» оқулығындағы ойларды толықтай келтірейік.

«Біз рух мәселесін көтере отырып, халқымыздың рухының құлдырау кезеңдерін мынадай сатыларға бөлдік:

Бірінші — XVIII ғасырдың басындағы мен XIX ғасырлардағы Ресейдің Қазақстанды отарлау саясаты. Бұл қылмыстық әрекет (Ресейге еркімен қосылу деген) жалған атпен жүргізіліп келді. Расында, Ресейдің қазақ жерін отарлауы сол кездердегі алып мемлекеттер Англия мен Америка сияқты елдердің Үнді, Қытай, Африка, тағы да басқа елдердің халқын ашықтан-ашық қырып жою бағындыруынан өзгешелеу сияқты еді. Формасы алдамшы саясатпен бүркемеленген отарлаудың мазмұны біркелкі болды.

Екінші — XX ғасырдың басындағы бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген Ресейде басталған 1917 жылғы Қазан төңкерісі қазақ халқы үшін аса қауіпті, әрі қатерлі кезеңнің басы болды. Әрине, бұған деген көзқарас әр түрлі еді. Алаш Орда басшылары трагедияның басталғанын бірден аңғарса да, көптеген қазақ зиялылары бұл еркіндікке бастайтын жол шығар деген алдамшы ойдың құрсауында қалды.

Үшінші — 1932 жылғы бүкіл Ресейді жайлаған, оның ішінде қазақ халқына азалы жыл болып, 3,5 миллион халқын қолдан жасаған қырғынға ұшырату. Бұл — «Екінші кіші октябрь» революциясының қазақ халқына әкелген трагедиясы еді.

Төртінші — XX ғасырдың отызыншы жылдарының аяғына қарай басталған зиялы қауымды қырып жою процесі. Еліміздегі бетке ұстар ғұлама ғалымдар мен ақын-жазушыларды, саяси қайраткерлерді жазықсыздан-жазықсыз қырып-жою кезеңі. Қазақтың рухын енді қайта бас көтере алмайтындай етіп таптап жаныштау тарихта бұрын-соңды болмаған зұлымдық еді.

Бесінші — 40-жылдардың аяғына қарай, қазақ елінде, Абай мен Шәкәрім, Мұхтарлардың кіндік қаны тамған жердің іргесінде атом полигонының ашылуы және оның зардабы. Берия, Курчатова, Сахаров, Тихонов, тағы басқаларының қанқұйлы «ғылыми жетістіктері» 500 000 адамның өмірін құрбандыққа шалып, Қазақстан жеріндегі Семей, Өскемен, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау сияқты

облыстардың тұрғындарына жазылмайтын аурулардың түрлерін ала келді. Сондай-ақ Қазақстанда орналасқан 19 астам қауіпті ядролық полигондардың және ондағы жарылыстардың қазақ рухына әсер еткені бәрімізге мәлім.

Алтыншы — қазақ рухының дамуына аса қауіпті болған факторлардың бірі — Кеңес үкіметінің Хрущев бастаған Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты. Бұл саясат халқымыздың демографиялық жағдайын жасанды түрде түп-тамырымен өзгертуге, қазақтардың санын азайтуға, сол арқылы қазақ тілін жойып жіберіп, мәдениетін өркендетпеуге әкелген процесс еді. Осылардың зардабын әлі күнге дейін бастан кешіріп келеміз» [4].

Қазіргі кезде рухымыздың қайта жаңғырып жатқан жайы бар. Бұған, біріншіден, тәуелсіздікке қол жеткізуіміз себеп болып отыр; екіншіден, халықты рухтандыратын оның жері, елі, тілі, өнері, тағы да басқа этностық қасиеттері және аттары аңызға айналған көсемдері, батырлары, билері, жыраулары, ақындарының рухы. Қарға тамырлы қазақтың қалыптасуынан бастап, осы кезге дейінгі тарихын қайта зерделеу, мәдениетін, әдебиетін, данышпан ғұламаларын қайта тану рухтың жаңғыруына әсер етуде.

Бұл істер айтуға жеңіл болғанымен, орындалуына келгенде қиындықтар туындап жатады. Ол қиындықтардың себебі тарихымыз, даналарымыз, жырауларымыз, ақын-жазушыларымыз жайлы танымымыз отарлаушылардың мүддесіне сәйкес, солардың көзімен жазылған. Біздің ел сияқты өзге елдің отарында болған үнді халқының ұлы Дж.Неру «Индияны тану» атты кітабында: «Индияның бүкіл болмысы менің қанымда қайнап тұр, оның бойындағы барлық құбылыстардың барлығы менің жан дүниемді қатты тебіртеді. Сонда да, мен өз еліме, оның бүгінгіне өзім байқаған өткеннің сарқыншақтарына жаттың көзімен және сондай жеккөрінішпен қарадым. Мен өз елімді Батыстың көзқарасы арқылы таныдым және кәдімгі достық пейілдегі еуропалық оған қалай қараса, мен де солай қарадым... Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жасалған тарих еді» [5], — деп жазыпты. Шындық осы. Әр отарлаушы ел өзінің боданындағы елдің елдік санасын, ұлттығын, намысын, рухын жоюға мүдделі. Отарлаушылар қазақ тарихын қамтитын гуманитарлық-қоғамдық ғылымдарды еуроцентристік пиғылда түсіндірді. Қазақ халқының ұлт ретінде әлемдік ғылымға қосқан үлесі жоқ, ғылым-білімге, өнерге «жабайылық» деңгейінде жүрген олар орыс ғылымының арқасында жетті деп, орыстың артықшылығы мен «еңбегі» баса айтылды. Олардың идеологиясына қарсылық тудырмағандары — тарихтың «жағымды кейіпкері», қарсы келгендері «жағымсыз кейіпкері» ретінде көрсетілді. Жастайынан осындай білімнің шәрбатымен сусындап өскен қазақ баласы толысқан шағында сол ілімнің жемісін берді. Өзіміздің төл хакімдерімізді тануда батыстық өлшемдерге салынып алып, олардың шын болмысын анықтауда қателіктерге бой алдыратынымыз да алған біліміміздің жемісі.

Еуроцентризмнің «әмбебап» сана жасаудағы талпынысы нәтижесіз қалмады. Қазақстанда ғылым мен білім батыстық үлгіде дамып отырғаны шын. Ұлттық философияның өзі батыстық үлгідегі парадигмалардан, қағидалардан, категориялардан, заңдардан бас тарта алмай келеді. Жазушы, мәдениеттанушы Мурад Аджи айтқандай, «тюркский (кипчакский) мир удивит свое прошлое и будущее во многом таким, каким покажет его наука вашей свободной страны. Но для этого надо избавиться от колониального комплекса неполноценности, зависимости и страха, который пока очень заметен в научной среде Казахстана. К сожалению, здесь идеи европоцентризма и откровенно «западничества» сильнее даже, чем в России» [6]. Еуропалық философиядағы түсініктерді қазақ философиясынан іздеу, мазмұны ұқсас келген ұғымдарды батыстық категорияларға, ағымдарға телу дұрыс емес екенін түсіну керек. Себебі батыстық түсінікте қазақ ұлттық философиясының қыры мен сырын, ерекшелігін ашып көрсету мүмкін емес. Еуроцентристік көзқарастан арылсақ, өзіміздің Ұлттық философиямызбен-ақ біраз жетістіктерге жетер едік. Шәкәрім Құдайбердінің сөзімен айтсақ, «Басқа жұрт қазақты, әсіресе өзіміз — надан, білімсіз, өнерсіз, мәдениетсіз дейміз. Өнерсіз, надан қалғанымыз рас. Бірақ жете тексерсек, біздің де зор білімді адамдарымыз болған. Жер жүзіне жайылған, ғылым іздеп, өмірін сарп еткен бабаларымыз өткен. Әбу Насыр, Әбу Сина, Қорқыт, Ұлықбек, тағы-тағылар түрік қауымынан, бізден шыққан. Тіпті кешегі өткен Әнет Бабаның өзі ғалым-философ адам екен. Соны да тани алмай, баға бере алмай келдік қой. Абайға не қылмадық, не көрсетпедік — қарғадық, сөктік, жала жаптық, ұрдық, соқтық, талас-тартыс, ру партиясын қуумен өттік қой. Нақыл сөздердің иесі, алтын қазынаның қорларын жасаған — Асан, Бұқар, Марқасқа, Өтеген, Үмбетей сияқты дүлдүл, төкпе ақын, жыраулар, осыларды жете ұғынып, түсіне алдық па? Жоқ!» [7]. Төл хакімдерімізді дұрыс тани алмай келеміз. Жоғарыдағы пікірлердің авторы Ш.Құдайбердіұлының өзін әлі күнге ағартушы деп жүргеніміз өтірік емес. Абай Құнанбайұлын да

ағартушы қылып алдық. Айта берсек, мысал көп, енді қазақ философиясындағы еуроцентристік көзқарасты көрсету үшін Асан Қайғыны мысалға алайық.

Қазақтың жерінде алғашқы утопист кім болған десек, бірден ойға Асан Қайғы келеді. Бұл Асан Қайғының шынымен утопист болғандығынан емес, оны еуроцентристік көзқарастарға сай утопист қылып түсінетіндігімізден. Асан Қайғыны утопист ойшыл деп анықтау шындыққа жанаспайды. Қазақ ойшылдарын түсіну үшін міндетті түрде батыстық өлшемдерге сүйеніп үйренгенбіз. Асан Қайғыны Т. Кампанелла, Т. Мор сияқты утопистермен салыстыру көптеген әдебиеттерде кездеседі. Соның бірі 2010 жылы жарық көрген Серік Мырзалының «Философия» оқулығы. Онда: «Асан Қайғы — қазақ жерінен шыққан алғашқы утопист. Елдің ауыр тұрмысы, табиғат қатандығы, оқтың-оқтың болатын жұт, аштық т.с.с. оны қатты күйзелтеді. Табиғатқа қарсы тұру, оны өзгерту керектігі сияқты батыс қоғамдарында пайда болған идеялар көшпенділерге тән нәрсе емес еді. Сондықтан ұлы жыраудың назары «Жер-Ұйықты» іздеуге бағытталады. Оның суы — сүт, топырағы — май, тасы — алтын, онда халық зардабы, соғыс, тартыс-қырқыс дегендер жоқ, бай да, кедей де жоқ, бәрі де жеткілікті, бәрі де бақытты. Ол мұндай «жұпар қорығын» өмір бойы іздейді» [8]. Қарап отырсақ, Асан Қайғыны утопист қылған оның «Жер-Ұйықты» іздеуі екен. Асанның ойшылдығын, саяси болмысын, елдік, бірлік идеяларын утопистік сарында түсіндіру бір кездері саясатқа тиімді болған. Асан философиясын тануда мұндай өлшемдерді қолдану оның дүниетанымын тар мағынада түсінуге әкеліп соғады.

Асан Қайғы утопист емес, себебі, біріншіден, «утопия» ұғымы «жоқ жер» дегенді білдіреді. Бұл ұғымның пайда болуы Томас Мордың есімімен байланысты. Утопия — Т. Мор ойдан шығарған аралдың атауы, оның қиялының жемісі. Ал Асанның Жер-Ұйығы қиялдың жемісі емес, реалды. Жер-Ұйық — Жер және Ұйық (Үю). Жер-Ұйық — қазақ мемлекетінің алғашқы ұлттық идеясы. Асан Қайғы Жер-Ұйықты қазіргі Қазақстан территориясынан іздейді, халықтың қоныстануына ыңғайлы жер тапсам деп ойлайды. Жердің қасиетін бірден танитын Асан Қайғы әр жерлерге мінездеме береді. Оның Қаратауды, Сайрамды, Сыр бойын, Шуды, Нұраны, Есілдіде, Баян тауын, Шыңғыс тауын, Алатауды, тағы да басқа жерлерді аралап, оларға сипаттама бергенін бәріміз де білеміз. Жер-Ұйықты іздеп жүріп, Жиделі-Байсынды табады. Жиделі-Байсын ғана емес, тіпті, халыққа пана болатын, жері құнарлы, суы тұнық, шөбі шүйгін, жазы жайлы, қысы қолайлы, халқы бірлікте, тыныштықта өмір сүретін кез келген жер Жер-Ұйық болуға лайықты деп айтуымызға болады.

Екіншіден, Мордың утопиясында жеке меншік деген жоқ, ол болмағандықтан, әлеуметтік теңсіздік те жоқ, тапқа бөліну де жоқ, барлық адамдардың тумысынан құқықтары тең. Аралдың тұрғындары «жұмақта» өмір сүреді, болашақтары жарқын. Ал Асан болса, болашақта жұмақ болады деп ешқашан айтпаған. Оны мына өлеңінен аңғаруға болады:

*Мұнан соң қилы-қилы заман болар
Заман азып, заң тозып, жаман болар,
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тәмам болар.
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұл-қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер [9].*

Бұдан көретініміз, болашақта жұмақ емес, керісінше, қилы заман орнамақшы. Қилы заманда заман азады, құндылықтар ауысады, қоғамдағы нормалар, заңдар ұмытылып, бұрын істеуге болмайтын, теріс әрекеттер қалыпты құбылысқа айналады. Билік қазақтардың қолынан кетіп, орысқа бодан болады. Бұл Асан Қайғының болашаққа зер салып қарағаннан туған қауіптері. Ол «қилы заман» концепциясы арқылы ұрпақтарына ескерту айтады. Бұнын бәрі қазақ жерінде ресей отаршылығы кезінде толықтай орнады. Асанның айтқаны дәл келді.

Асан Қайғы — нақты тарихи тұлға, ресей отаршылығы болатынын ерте көре білген данышпан, ойшыл, жырау, мемлекет қайраткері. Оның айтқан қилы-қилы замандарынан өтіп, тәуелсіздікке қол жеткізіп, Жер-Ұйық — Қазақстанда бірлік пен бейбітшілікте өмір сүріп отырған біз, оның ұрпағымыз. Бабаларымыздың дүниетанымын түсінуде қазақтық өлшеммен келу, олардың тарихтағы орындарын дұрыс бағалау — біздің ата-баба алдындағы борышымыз. Борышымызды өтей отырып, қоғамда дұрыс таным-түсінік қалыптастырамыз.

Біздің елде дұрыс таным-түсінік қалыптастыру төңірегіндегі мәселелер жүйелі түрде талданбай келе жатқан сияқты көрінеді. Қазақтың төл сана болмысы, оның тілі, ділі, мәдениеті, дәстүрі жайлы дұрыс таным-түсінік қалыптастыра алмай отырмыз. Бұл мәселелер туралы сөз қозғалса, оны айта-айта жауыры шыққан құр сөз таластыру ретінде қабылданады. Өйткені төл санада, ұлттық дәстүрде тәрбиеленудің, ұлттық құндылықтардан нәр алудың қоғамда қандай маңызы барын түсінбейміз не түсіндіре алмаймыз. Әйтпесе «қазақ халқы жергілікті халық емес», «қазақтар — үстіміздегі ғасырдың (XX ғасыр) басында пайда болған. Оларды большевиктер жасанды жолмен жаратқан» [10] (бұл пікірлердің авторы тарихшы Е.Масанов) деген пікірлер тәуелсіз елімізде айтылмас болар еді. Қазақтарды XX ғасырда большевиктер жасанды жолмен жаратты деу — тарихи білімсіздік, тарихи қателік. Большевиктердің жаратқаны қазақтар емес, осы күнге дейін тамырын кеңге жайып келе жатқан мәңгүрттік еді.

«Мәңгүрттік», ғылым тілімен айтсақ, маргиналдык. Маргиналдыкқа «Мәдени-философиялық сөздікте» мынадай анықтама берілген: «Маргиналдык (лат. *marginalis* — шет, жиектегі, шекарадағы) — қоғамдағы әр түрлі процестердің нәтижесінде (көші-қон, этномәдени әрекеттестіктер, қоғамдық жүйелердің модернизациялануы және т.б.) пайда болатын өзге мәдениет» [11]. Маргиналдыкқа тән қасиет тұлғаның «екі ұдайылануы», оның бағдарларының «мәдениаралық» болуы, төл санаға немқұрайлылық. Маргинал өзінің бойынан не төл мәдениеттің болмысын, не бөгде, яғни сырттан келген мәдениеттің болмысын таппай шатасқан, шекаралық халдегі адам. Мұндай адамдар үшін ұлттық болмыс, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық мақтаныш және тағы сол сияқты ұғымдар жат. Олар үшін «ұлттық» деген мәселенің қойылуы да жөнсіз. «Ұлт» ұғымы төңірегінде көтерілетін сұрақтардың бәрін өткенді аңсаушылық, әсіреұлтшылдық деп қабылдайды. Себебі маргиналда ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш жоқ. Ұлттық мақтаныш сезімі әрбір адамда болуға тиісті сезім. Қандай адам болмасын туылғаннан белгілі бір ұлттың өкілі саналады. Кез келген адамның этностық болмысы бар. Этностық болмысты адам өзі таңдап алмайды, ол адам еркінен тыс құбылыс. Қазақ болайыншы, не орыс болайыншы, не қытай болайыншы деп туылмаймыз. Бірақ таңдау болмағанмен де этностық болмысымызды мақтан тұту, егер ұлт өркениет көшіне ілесіп, дамудың даңғыл жолына түссе, ұлты үшін қуану, оған тілектес болу, не ұлттың басына қайғы түссе, қиын-қыстау заман орнаса ұлтымен бірге мұңаю, оның қайғысына ортақтасу есті адамның ісі, азаматтылықтың белгісі. Азаматтылық адамның бойындағы елдік сананың, мемлекеттік сананың көрінуімен айқындалады. Елдің азаматының мойнында екі жауапкершіліктің тоғысуы заңды құбылыс. Біріншісі, ата-бабалар аманаты. Себебі біздің ұлттық негізіміз, ұлттық құндылықтарымыз ата-бабалардан қалған. Аманатқа қиянат жасалмауы тиіс. Құндылықтарды өз бойымыздан табу, сақтау, өзімізбен бірге алып жүру алғашқы жауапкершілік болмақ. Екіншісі, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Болмысымызда сақталынған ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру. Осы жауапкершіліктерді сезінгенде ғана азаматтар елінің дамуына үлес қоса алады. Кез келген азаматтың елінің болашағы туралы ойлануы орынды.

Адам баласы тек бүгінгімен өмір сүрмейді. Оның бүгінгісімен қоса өткені мен болашағы бар. Грек ойшылы Питтак айтпақшы: «Қорқыныш пен үрей болашақта, тыныштық өткенде». Расында да, тыныштық өткенде, себебі өткен белгілі. Өткенге көңілі толушылық не өкініш сезімі әрдайым болады, бірақ өткенде қорқыныш жоқ. Қорқыныш болашақта, болашақ — белгісіз. Болашақтың негізгі қасиеті — белгісіздік. «Көк тұман алдындағы келер заман», — дейді Абай. Болашақ тұманды. Тұманның ар жағында не бар екені белгісіз. Тұманның соңынан жарқырап күн шығуы да мүмкін, не тұманның соңынан суық жаңбыр жаууы да мүмкін. Елімізде «көпшілігі» айтып жүргендей «жұмақ» орнамауы да мүмкін. Бізге «шегіртке философиясының» қажеті жоқ, бізге қажеті «құмырсқа философиясы» болмақ. «Шегіртке философиясы» — тек бүгінгімен өмір сүру, болашақтың керемет болатындығына сеніп алып, ән айтып, би билеп, тоқмейілісіну. Бұл ұстаным елді өрге, төрге сүйремейді, керісінше, оны көрге сүйрейді. Бізге «құмырсқа» жолын ұстану лазым. Бұл жол — халқымыздың үкілеген үмітін ақтар жол, мүмкіндігімізді шындыққа айналдыратын жол, ізденіс жолы, еңбек жолы, елдік жолы. Қазақ халқында «қыстың қамын жаз ойла» деген нақыл сөз бар. Яғни қысқа дайындықпен, сақтықпен келу. Құдай сақтансаң сақтайды. Әр нәрсеге сақтықпен, дайындықпен келсең, қорқыныш та, үрей де сейіледі.

Еліміздің болашаққа қорықпай, үрікпей нық сеніммен аяқ басып аттауы үшін:

- біріншіден, елде деколонизация, яғни отарсыздану процесін, жүргізу қажет;
- екіншіден, әлемдегі өркениетті елдердің қатарына жетіп, олармен терезесі тең ел болуымыз үшін өзіміздің төл дүниетанымымызға сәйкес іргетас, негіз қалыптастыру, төл мәдениетімізді

жаңғыртуды қолға алуымыз керек. Өркениетті елдердің қатарына жету үшін тек әлеуметтік-экономикалық ахуалдың кемелдігі жеткіліксіз. Еліміздің еңсесін биік, тәуелсіздігін баянды, ұлттығын берік, дәстүрін өміршең қылатын отарлық-бөгде санадан ада мәдени-рухани өзегіміз. Өркениетті елдердің айдынына мәдени-рухани негізсіз түсу теңізге ескексіз қайықпен жүзумен бірдей. XX ғасырдың басында қазақ халқының қалпын А.Байтұрсынұлы:

*Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру,
Болғандай табан тірер ешнәрсе жоқ [12], —*

деп сипаттаған еді. Табан тірейтін мол рухани мұрамыз бола тұра қазіргі XXI ғасырда қазақтың қалпы өзгермеген сияқты. Отарлық санадан айықпай жатып жаһандану үрдісіне түсіп кеткен жайымыз бар;

– үшіншіден, ұлттық рухани құндылықтардан сусындаған адам капиталын қалыптастыру, қазіргі қоғамда қазақтық болмыстағы ұрпақ тәрбиелеу керек. Елдің болашағы — өскелең жас ұрпақ. Әр елдің болашағының баянды, не баянсыз болуы бүгінгі жастар болмысының ертең қалай қалыптасарына байланысты. Жастар болмысын қалыптастыру отбасындағы тәрбиеден басталады. Тәрбие басы — тал бесік. Қазақтың ғұламасы М.Әуезов «Ел боламын десең, бесігінді түзе» демеп пе еді. Бесікті түзеу — ұрпақтардың тарихи сабақтастығы, төл мәдениетті сақтаудың тәсілі. Бесігін түзеген елдің болашағы жоқ. А.Байтұрсынұлы айтпақшы, «Баланы ұлша тәрбиелесең — ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең — құл болмақшы». «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші, отбасында, балабақшада, мектепте қазақ халқының төл рухани құндылықтары арқылы ұрпақ тәрбиелеп, қазақ тілінде сөйлетудің, ұлттық рухты бойына сіңдірудің қажеттілігін түсінгеніміз жөн.

Бұл іс-шараларды іске асыруға, яғни отарсыздану процесін жүргізуге, ұлттық мәдени-рухани өзегімізді жаңғыртуға, қазақтық болмыстағы ұрпақ тәрбиелеуге тәуелсіздік жол ашады. Тәуелсіздіктің бағасы да, құны да, маңыздылығы да осы іс-шараларды атқару деңгейіне байланысты анықталуы керек. Себебі тәуелсіздік — жаңғыру және жаңару мүмкіндігі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абай. Қара сөздер. — Алматы: Өнер, 2010. — 16-б.
- 2 Есім Ф. Адамзат. — Астана: Фолиант, 2002. — 152-б.
- 3 Қойшығара Салғараұлы. Ойлаң, қазақ! — Астана: Фолиант, 2009. — 142-б.
- 4 Әбжанов Т.Ы. Қазақ философиясының рухы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. — 5,6-б.
- 5 Тарих. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. — 6-т. Әлемдік тарихи ой. — Астана: Фолиант, 2006. — 423-б.
- 6 Мурад Аджи. Тенгрианство и основы современной европейской культуры. Культурные контексты Казахстана: история и современность. — Алматы, 1998. — С. 12.
- 7 Шәкерімұлы А. Менің әкем, халық ұлы — Шәкерім // Жұлдыз. — 1992. — № 11. — 31–32-б.
- 8 Мырзалы С. Философия. — Алматы: Бастау, 2010. — 312-б.
- 9 Толысбай Кенжалы. Асан Қайғы. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 169-б.
- 10 Ояң, намыс // Қоғамдық-саяси, мәдени-танымдық журнал. — 2010. — № 1. — 4-б.
- 11 Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. — Алматы: Раритет, 2004. — 147-б.
- 12 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 214-б.

А.С.Сағатова, Е.К.Аринов

Независимость — возможность возрождения национального духа казахского народа

В статье независимость рассмотрена как возможность возрождения самосознания казахского народа. Показана политика колонизаторов, направленная на уничтожение национального сознания бытия, которая в результате привела к распаду национального духа. По мнению авторов, после приобретения казахским народом своей независимости, на возрождение национального духа оказали влияние вновь исследованные история, культура, литература, наследие великих ученых.

A.S.Sagatova, E.K.Arinov

Independence is an opportunity of regeneration of Kazakh people national spirit

In this article independence is regarded as an original mind of Kazakh people. In this article there is shown a policy of settlers, directing on destruction of national mind, objective reality, which further causes to national spirit's disintegration. According to authors, explained history, culture, literature, legacy of the greatest scientists have impacted on the regeneration of national spirit after getting independence for Kazakh people.

References

- 1 Abai. *Edifying words*, Almaty: Oner, 2010, p. 16.
- 2 Esim G. *Humanity*, Astana: Foliant, 2002, p. 152.
- 3 Koishygara Salgaruly. *Think over, Kazakh!* Astana: Foliant, 2009, p. 142.
- 4 Abzhanov T.I. *The spirit of Kazakh philosophy*, Karaganda: KSU publ., 2003, p. 5,6.
- 5 *History. Heritage of humanity s mind, 10. World historical thought*, Astana: Foliant, 2006, p. 423.
- 6 Murad Adzhee. *Tengri and the foundation of modern European culture. Cultural contexts of Kazakhstan: history and modernity*, Almaty, 1998, p. 12.
- 7 Shakarimuly A. *My father, son of folk. — Shakarim // Zhuldyz*, 1992, 11, p. 4.
- 8 Myrzali S. *Philosophy*, Almaty: Bastau, 2010, p. 312.
- 9 Tolysbay Kenjaly. *Asan Kaigy*, Almaty: Dike-Press, 2006, p. 169.
- 10 *Wake up, honour // Social-political, cultural-cognitive magazine*, 2010, 1, p. 4.
- 11 *Cultural-philosophical encyclopedial vocabulary*, Almaty: Raritet, 2004, p. 147.
- 12 Akhmed Baitursynuly. *White way*, Almaty: Zhaly, 1991, p. 214.